




Негізгі түйіндер

2015 ж. қаңтар-мамырында экономикалық өсу жалғасқан

2015ж. қаңтар-мамырында қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 101,7%-дан 102,0%-ға дейін артқан. Сонымен қатар, көліктен бөлек, экономиканың барлық негізгі салаларында өсу үрдісі сақталған.



*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

1. Макроэкономикалық индикаторлар

1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

р/с№	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-мамыры	2015ж. мамыры	% -бен		2015ж. мамыр 2015ж. сәуіріне
					2014ж. қаңтар-мамырына	2014ж. мамырына	
A	Б	1	2	3	4	5	
1	ІЖӨ (2015ж. 1тоқ. үшін жедел деректер)	млрд.теңге	7 933,3		102,2		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	5 678,8	1 163,1	100,5	101,1	99,8
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	457,1	108,0	102,7	102,2	115,9
4	Құрылыс	млрд.теңге	660,0	233,7	104,7	110,8	142,8
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	197,8	40,9	95,0	92,0	106,1
6	Байланыс	млрд.теңге	282,0	56,8	104,8	101,9	103,0
7	Сауда	млрд.теңге	2 254,9	488,9	102,9	102,4	106,4
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	1 993,2	578,0	103,9	106,1	130,3
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%	-	-	105,5	104,3	100,3
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	-	5,0	-	-	-

Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-сәуірі	2015ж. сәуірі	% -бен		2015ж. сәуірі 2015ж. наурызына
					2014ж. қаңтар-сәуіріне	2014ж. сәуіріне	
A	Б	1	2	3	4	5	
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	25 910,2	6 727,4	62,7	65,9	116,8
1.1.	- экспорт	млн. долл.	15 777,1	3 839,2	54,0	58,5	113,3
1.2.	- импорт	млн. долл.	10 133,1	2 888,2	83,7	79,3	121,7
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс	мың теңге	251,7	61,9	107,5	101,4	94,6
3	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	-	119	-	102,0	90,0
4	Нақты жалақы индексі	%	-	-	-	97,5	89,9

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі, ТБИ - тұтыну бағасының индексі

* - бағалау



1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2015 жылдың қаңтар-мамырында көліктен бөлек экономиканың негізгі салаларының барлығында өсу үрдістері жалғасқан.

Оң үдерістер

р/с №	2015ж. қаңтар-мамыры %-бен 2014 қаңтар-мамырына	Факторлар	Анықтама үшін: 2015 ж. қаң.-сәу.%-бен 2014ж. қаң.-сәу.
1. ИЖӨ (2015ж. 1тоқ. үшін жедел деректер)	102,2	іс жүзінде барлық компоненттердің өсуі	
2. Өнеркәсіп	100,5	тау-кен және өңдеу салалары көрсеткіштерінің жақсаруы	100,3
2-1. Тау-кен өндіру саласы	101,0	шикі мұнай, табиғи газ және металл рудаларын өндіру көлемдерінің ұлғаюы	100,6
2-2. Өңдеу саласы	100,2	металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдерінің ұлғаюы	100,4
3. Ауылшаруашылығы	102,7	мал шаруашылығындағы өнімдер шығарудың ұлғаюы	102,9
4. Құрылыс	104,7	құрылыс-монтаждау, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары көлемдерінің ұлғаюы	102,1
5. Байланыс	104,8	Интернет желісі мен басқа телекоммуникациялық қызметтерінің ұлғаюы	105,5
6. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	102,9	базарлар мен жеке кәсіпкерлер саудасының өсуінің жалғасуы	103,1
7. Негізгі капиталға инвестициялар	103,9	меншік қаражаты есебінен қаржыландырудың ұлғаюы	103,1
8. Инфляция	105,5	азық-түлік тауарлары мен халыққа көрсетілген ақылы қызметтер бағаларының өз орнында сақталынуы	105,8

2015 ж. қаңтар-мамырында көлік саласында жүк айналым көрсеткіштері төмендеді. Импорт пен экспорттың қысқаруы сыртқы сауда айналымының төмендеу қарқынының ұлғаюына себепші болды.

Теріс өзгерістер

№пп	2015ж. қаңтар-мамыры %-бен 2014 қаңтар-мамырына	Факторлар	Анықтама үшін: 2015 ж. қаң.-сәу.%-бен 2014ж. қаң.-сәу.
9. Көлік (жүк айналымы)	95,0	теміржол көлігіндегі жүк айналымының азаюы	95,9
10. Сыртқы сауда айналымы (2015 ж. қаң.-сәу. %-бен 2014 ж. қаң.-сәуіріне және 2015 ж. қаң.-наурыз. %-бен 2014 ж. қаң.-наурызына)	62,7	экспорт пен импорттың төмендеуі	61,4
10-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт (2015 ж. қаң.-сәу. %-бен 2014 ж. қаң.-сәуіріне және 2015 ж. қаң.-наурыз. %-бен 2014 ж. қаң.-наурызына)	54,0	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	52,7
10-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт (2015 ж. қаң.-сәу. %-бен 2014 ж. қаң.-сәуіріне және 2015 ж. қаң.-наурыз. %-бен 2014 ж. қаң.-наурызына)	83,7	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	84,8




Жалпы ішкі өнім

1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

2015ж. қаңтар-наурыздыңда ЖІӨ 2,2%-ға өсті

ҰЭМСК-нің деректері бойынша, ЖІӨ 2015ж. қаңтар-наурыздыңда нақты көрсеткіште 2,2%-ға ұлғайып, 7,9 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 0,9%-ға, ал қызмет көрсету 3,5%-ға өсті. 2014 жылғы осы көрсеткіштермен салыстырғанда, өндірістің өсуі 1,9%-ға баяулады, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 59,4%-ға дейін өсті.



Қызмет көрсету секторы, мұнда іс жүзінде барлық негізгі құрамдас бөліктер өсуді көрсетті, 2015ж. 1-ші тоқсанында экономиканың драйвері рөлін атқарды


1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ

2014 жылы түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ 4,3%-ға ұлғайды

ҰЭМСК деректері бойынша, 2014ж. ЖІӨ нақты көрсеткіш бойынша 4,3%-ға ұлғайып, 37,38 трлн.тенге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 0,1%-ға өсті, жалпы жинақтау 2013 жылға қарағанда 7,1%-ға өсті.

Өсуге мем. басқару органдарының (10,3%), ҰШҚҚ* (15,3%) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтау шығыстарының ұлғаюы (0,2%-ға өсу) себепші болды. Сонымен қатар, үй шаруашылықтарының шығыстарының 2,3%-ға төмендеуін айта кеткен жөн.

2013 жылға қарағанда "Таза экспорттың" үлесі экспорт үлесінің ұлғаюына (0,5%-ға) және тауарлар және қызмет көрсету импорты үлесінің азаюына (1,1%-ға) орай 1,6%-ға өсті.




*- ҰШҚҚ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар

1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

2015 жылдың 1-тоқсанының қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2015ж. 1 тоқ. ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2014 жылдың тиісті кезеңге қатысты ең көп өсуі Өзбекстанға тиесілі (7,5%-ға өсу). Украинада 2015 жылдың 1 тоқсанында ЖІӨ-нің 17,6%-ға төмендеуі байқалды.





1.6. Негізгі ықпал ету факторлары

Мұнайдың бағасы

Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және тиісінше өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етті. 2015 жылдың мамырында, 2014ж. мамырына қатысты, Brent маркалы мұнайдың номиналдық құны 41,1%-ға төмендеді, бұл ретте тау-кен өндіру саласында өндірістің нақты көлемі 2,5%-ға ұлғайды, ал тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі ақшалай көрсеткіште 35,9%-ға төмендеді.

Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемі


Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2015ж. мамырында оның үлесі сәйкесінше 44,1%-ға тең болды.

2015ж. мамырында өңделмеген мұнайды өндіру (нақты көрсеткіш) 2014ж. мамырына қарағанда 4,5%-ға ұлғайды, Brent маркалы мұнайдың бағасы 2015ж. мамырында бір баррель үшін 64,6 долларға* тең болды, бұл 2014ж. мамырынан 45,1\$-ға төмен және 2015ж. сәуірінен 5,2\$-ға жоғары. Тау-кен өндіру саласының жылдық НКИ-і 2,5%-ға, ал айлық индекс - 0,6%-ға өсті**.

2015ж. қаңтар-мамырында өңделмеген мұнайды өндірудің көлемі (нақты көрсеткіш) 2014ж. тиісті кезеңіне 1,1%-ға ұлғайды.

* - <http://econ.worldbank.org>

** - <http://stat.gov.kz>: 2015 жылғы қаңтар-мамырында өнеркәсібі жұмысының көрсеткіштері

**Сыртқы сұраныс**


Қазақстандық экспорттың көп бөлігі Еуроодақ елдеріне (2015 жылдың қаңтар-сәуіріндегі ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 57,7%-ға тең болды), Қытайға (10,7%) және Ресейге (8,7%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2015 жылдың 1-тоқсанында ЕО ІЖӨ өсуі (28) 1,4%-ға тең болды, Қытайда ІЖӨ өсуі 7%-ға дейін баяулап, Ресейде бұл көрсеткіш 2,2%-ға төмендеді.

Сыртқы сауда айналымы**2015ж. қаңтар-сәуір**

2015ж. қаңтар-сәуірінде сыртқы сауда айналымы 37,3%-ға төмендеді (экспорт 46%-ға, импорт - 16,3%-ға төмендеді). 2015ж. сәуірінде (2014 ж. сәуірімен салыстырғанда) сыртқы сауда айналымы 34,1%-ға төмендеді (экспорт 41,5%-ға, импорт 20,7%-ға қысқарды).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2015ж. қаңтар-сәуірінде-76,5%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (42,7%) басымдыққа ие.

2015 жылдың қаңтар-сәуірінде экспорт Еуразиялық Экономикалық Одағы елдерімен 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 20,9%-ға қысқарды, импорт - 16,4%-ға төмендеді.

**Экономикадағы ақша ұсынысы**

Сыртқы нарықтардағы конъюнктураның өзгеруі (мұнай бағасының төмендеуі) экономиканы несиелендіруге теріс әсерін тигізді. АҚШ-тағы сандық жұмсарта бағдарламасының аяқталуы, дамушы мемлекеттердің нарықтарынан капиталдың дамыған елдерге ағыны өңірлік және отандық экономикаға әсерін тигізді. Сонымен қатар, 2014 жылы Ұлттық қор активтерінен экономиканы қолдау үшін қаражат бөлуге шешім қабылданды: банктер арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге бөлінген 100 млрд. теңге мөлшерінде қаражат толық игерілді, бұдан басқа, 250 млрд. теңге банктердің жұмыс істемейтін несиелерімен жұмыс істеу үшін құрылған "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-тың жарғылық капиталын толықтыруға жіберілді.

Несиелер бойынша берешек*


2015ж. қаңтар-мамырында несиелендірудің көлемі 0,3%-ға төмендеп, 12,07 трлн. теңгені құрды.

Несиелендірудің жалпы көлемінің төмендеуі үрдісі белгіленді, 2015ж. мамырдың аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда несиелендірудің көлемі 1,9%-ға төмендеген (2015ж. сәуір айының соңында да 1,0%-ға төмендеу байқалған).

2015 жылдың басынан мамыр айына дейін сауда, құрылыс және ауылшаруашылығын несиелендіру сәйкесінше 4,5%, 3,5% және 1,7%-ға төмендеген. Сонда да, байланыс саласын несиелендірудің көлемі ұлғайған (4,5%-ға).

* - кезең соңындағы деректер бойынша

** - өндірістік емес сала, жеке қызмет






2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ


Тауарлар өндірісі

2.1. ӨНЕРКӘСІП**Өнеркәсіптегі шығару көлемдерінің өсу қарқындарының ұлғаюы**


Мамырда өнеркәсіптегі шығару көлемдерінің өсу қарқындары шамалы ұлғайған. 2015 жылдың қаңтар-мамырында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңіне 0,5%-ға ұлғайды (2015 жылдың қаңтар-сәуірінде 0,3%-ға, 2014ж. қаңтар-мамырында - 0,1%-ға өсті). Бұған тау-кен өндіру саласындағы көрсеткіштердің өсуі себепші болды.

**Тау-кен өндіру - шығару көлемдерінің өсу қарқындарының ұлғаюы**


2015 жылдың қаңтар-мамырында тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңіне 1,0 %-ға өсті (2015ж. қаңтар-сәуірінде - 0,6%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-мамырында - 0,1%-ға өсу). Өңделмеген мұнай өндіру 1,1%-ға өсті (2015 жылдың қаңтар-сәуірінде - 0,2%-ға өсу), табиғи газды өндіру 9,7%-ға, металл рудаларын өндіру 3,6%-ға және түсті металлдар рудаларын өндіру 8,1%-ға өсті.

**Өңдеу - шығару көлемдерінің өсу қарқындарының баяулауы**

2015ж. қаңтар-мамырында сала бойынша ұлғаю 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,2%-ды құрды (2015 ж. қаңтар-сәуір үшін - 0,4%-ға ұлғаю). Асыл және түсті металлдар өндірісінің 26,1%-ға өсуі металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің 15,7%-ға ұлғаюына себепші болды (2015 жылдың қаңтар-сәуірінде асыл және түсті металлдар өндірісінің өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 36,1%-ды құрады).

2.2. Құрылыс**Өсу үрдісінің сақталуы**

2015 жылдың қаңтар-мамырында жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,7%-ға өсті. Күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары сәйкесінше 14,5% және 5,9%-ға ұлғайды. Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 4%-ға ұлғайып, құрылыс жұмыстары құрамындағы үлесі 88,8%-ға тең болды.






2.3. Ауылшаруашылығы

Мал шаруашылығындағы өнім көлемдерінің өсуінің жалғасуы

Ауылшаруашылығы секторы 2015 жылдың қаңтар-мамырында 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 2,7%-ға өсті (2015 жылдың қаңтар-сәуірінде - 2,9%-ға өсу, 2014 жылдың қаңтар-мамырында - 3,4%-ға өсу). Өсуге 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда мал шаруашылығындағы өнім көлемдерінің 2,8%-ға ұлғаюы себепші болды, осы уақытта өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемі өзгерген жоқ.




Қызмет көрсету саласы

2.4. Сауда

Тауар айналымдағы өсудің баяулауы


2015ж. қаңтар-мамырында бөлшек тауар айналымының өсуі 2014ж. қаңтар-мамырымен салыстырғанда 2,9%-ға ұлғайды (2015ж. қаңтар-сәуірі - 3,1%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-мамыры - 10,3%-ға өсу). Негізгі итермелеуші фактор - жеке кәсіпкерлердің сауда көлемінің 6%-ға өсуі, бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі - 45,9%.



2.5. Көлік

Жүк айналым көлемінің азаюы


2015ж. қаңтар-мамырында көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2014ж. қаңтар-мамырымен салыстырғанда 5% азаюды көрсетті, бұл теміржол көлігіндегі жүк ағынының 13,7%-ға азаю себебінен болды (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі - 47,8%).



2.6. Байланыс

Өсудің баяулауы

2015ж. қаңтар-мамырында байланыс қызметіндегі көлемінің ұлғаюы 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 4,8%-ды құрады (2015ж. қаңтар-сәуірінде - 5,5%-ға өсу, 2014ж. қаңтарда-мамырда - 8,8%-ға өсу). Өсудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 28,5% болатын интернет желісінің қызметтерінен түскен кірістердің 22,1%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 14,1% болатын өзге қызметтер көлемінің 32,7%-ға өсуі.






3. Инфляция

3.1. Тұтыну бағаларының индексі

Инфляциядағы өсу қарқындарының баяулауы

2015 жылдың қаңтар-мамырында инфляцияның деңгейі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,5%-ға тең болды, бұған азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағаларының баяу қарқынымен өсуі себепші болды. 2015ж. мамырында инфляция өсуінің қарқыны жылдық есеппен алғанда 4,3%-ға дейін баяулады (2014ж. мамырында - 6,9%), айлық өсу 0,3%-ды құрады. 2015ж. мамырында азық-түлік бағалары мен ақылы қызметтеріндегі тарифтер өткен айға қарағанда өзгеріссіз қалды.




4. Инвестициялар

4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2015ж. қаңтар-мамырында инвестициялардың өсу қарқыны 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,9%-ға дейін жеделдеген (2015ж. қаңтар-сәуірінде - 3,1%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-мамырында - 2,9%-ға өсу). Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардағы меншікті қаражатының үлесі 61,1%-ды құрады.




6. Еңбек нарығы

6.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

Жұмыссыздық деңгейі өзгеріссіз қалды

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі көрсеткішке дейін төмендеді және 12 ай бойы 5,0-5,1% шекте қалып отыр. 2015 жылдың мамырында жұмыссыздық 5,0% деңгейінде қалып отыр.

2015 ж. мамырында жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар саны өз жүзінде өзгерген жоқ, нәтижесінде жұмыссыздық деңгейі бұрынғы деңгейде қалды.



6.2. Халықтың кірістері

Халықтың нақты кірістерінің төмендеуі

2015 жылдың мамырында орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2014 ж. мамырымен салыстырғанда 1,8%-ды құрады (айлық есеппен алғанда өсу 2,9%-ға тең). 2015ж. сәуірінде нақты ақшалай кіріс 3,1%-ға төмендеді. 2015ж. мамырында нақты жалақы индексі де 2,4%-ға төмендеді.

